

Мәслихаттың 2014 жылғы 11 наурыздағы № 178 "Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2017 жылғы 23 тамыздағы № 164 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 қыркүйекте № 7199 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2022 жылғы 24 наурыздағы № 145 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 24.03.2022 № 145 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 11 наурыздағы № 178 "Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4619 тіркелген, 2014 жылғы 30 сәуірде "Арна" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай аудандық мәслихатының
кезектен тыс сессиясының төрағасы
Қостанай аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б. Утебекова

Б. Копжасаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қостанай облысы Қостанай ауданы

Жданов ауылдық округінің әкімі

_____ С. Дощанов

2017 жылғы 23 тамыз

Мәслихаттың
2017 жылғы 23 тамыздағы
№ 164 шешіміне қосымша

Мәслихаттың
2014 жылғы 11 наурыздағы
№ 178 шешіміне қосымша

**Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің жергілікті
қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің Ждановка ауылының тұрғындары үшін	31
2	Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің Васильевка ауылының тұрғындары үшін	10
3	Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің Кировка ауылының тұрғындары үшін	12
4	Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің Семилетка ауылының тұрғындары үшін	9